ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

**«М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ»**

ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ

**«ИНСТИТУТ ЛИТЕРАТУРЫ И ИСКУССТВА ИМЕНИ М.О. АУЭЗОВА»**

КОМИТЕТА НАУКИ
МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И ВЫСШЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**050010, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28**
**Тел.: 8(727) 272 74 11, 272 79 43, 272 79 83**
**E-mail:info@litart.kz, http://auezovinstitut.kz**

**050010, город Алматы, улица Шевченко, 28**
**Тел.: 8(727) 272 74 11, 272 79 43, 272 79 83**
**E-mail:info@litart.kz, http://auezovinstitut.kz**

20.08.2025
**Алматы қаласы**

**№** 056/384
**город Алматы**

**«AMANAT» Медиа Холдингінің**
**Бас директоры**
**Б. Ж. Тұрлыбековке**

**Құрметті Бақытжан Жұмағалиұлы!**

«Кітап–AMANAT» жалпыұлттық жобасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Тұлпар мініп, ту алған» атты әдеби-танымдық байқау – жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, тарихи жадын жаңғыртуға бағытталған аса маңызды бастама. Бұл игілікті жобаны М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты толық қолдай отырып, оның тәрбиелік, танымдық және мәдени маңызын жоғары бағалайды. Соған байланысты байқау аясында таңдалып отырған жыр үлгілеріне қатысты төмендегідей ақпаратты ұсынамыз:

«Бабалар сөзі» жүзтомдығының 58-томында батыр бабамызға арналған «Бөгенбай батыр» атты шығарма жарияланған. Бұл шығармада егде тартқан батыр дана абыз бейнесінде көрінеді. Жырда Бөгенбайдың әкесі Маянбай, атасы Егіз деп, оның перзентсіз екені, Ақым деген жиенін асырап алғаны айтылады. Бұл тарихи шындыққа жанаспайды. Алайда фольклордың тарихты айна-қатесіз қайталамайтын, кейбір фактілерді бұрмалағанымен, ауқымды мазмұнға, белгілі бір ортақ идеяларға басымдық беретінін ескерткіміз келеді. «Бөгенбай батыр» жырының идеясы елдің бірлігін сақтауға, батырдың батырлығымен қатар адамгершілік тұлғасын, парасатты мінезін айшықтап көрсетуге негізделгенін байқаймыз. Сондықтан мектеп оқушылары арасында батырлар жырын орындаудан өткізілетін «Тұлпар мініп, ту алған» байқауына қатысушылардың жаттауына осы «Бөгенбай батыр» нұсқасын ұсынған жөн деп санаймыз.

Ел руханиятының дамуына үлес қосатын бастамаларыңызға сәттілік тілей отырып, батырлар жырын орындау байқауын жыл сайын дәстүрлі түрде әр өңірде ұйымдастырып отыруды ұсынғымыз келеді. Бұл – өскелең ұрпақтың ұлттық рухын көтеруге, тарихи санасын нығайтуға және көркем сөзге деген сүйіспеншілігін арттыруға зор ықпал етеді.

*Жыр нұсқасы қосымшада берілді.*

**Бас директордың**
**уақытша міндетін атқарушы** **А. К. Калиева**

*Орынд.: Н. Мағазбеков*
*Тел.: + 7 775 989 0212*

001781